


Балтық теңізі

*Дайындаған: Сейтімов Ж.Б
Тексерген: Абдулина А.Ғ*

Балтық теңізі, (ертедегі атауы Варяг теңізі) — Атлант мұхитының Еуропаға еніп жатқан теңізі. Ол Швеция, Финляндия, Ресей, Эстония, Латвия, Литва, Польша, Германия және Дания мемлекеттері жерлерімен шектеседі. Атлант мұхитымен Дания бұғазы арқылы жалғасады. Теңіз құрлықтық қайранда орналасқан, негізгі бөлігінің тереңдігі 40 — 100 м (ең терең жері 470 м), ауданы 419 мың км² Солтүстік жағасы биік жартасты (шхер және фьорд типтес), оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағасы жайпақ, құмды (лагуна типті).. Теңізге Нева, Батыс Двина (Даугава), Неман, Висла, Одра өзендері құяды. Балтық теңізінде Балтық майшабағы, камбала, салака, Атлант майшабағы, теңіз алабұғасы, Балт трескасы, т.б. тіршілік етеді. Балтық теңізі Еділ — Балтық су жолы арқылы Каспий теңізмен, ал, Беломор — Балтық каналы арқылы Ақ теңізбен жалғасады. Негізгі порттары: Санкт-Петербург, Таллин, Рига, Калининград, Гданьск-Гдыня, Щецин, Росток — Варнемюнде, Копенгаген, Мальме, Стокгольм, Турку, Хельсинки



Варнемюнде жағажайы (Германия)



Варнемюнде (Warnemünde) — Росток қаласының маңындағы шағын жағажай (Балтық теңізінің жағалауында). Варнемюнде Германиядағы ең керемет жағажайлардың бірі.



Эланд, Швеция

Рюген, Германия





Юрмала жагажсайы, Латвия



Колобжег жағажайы, Польша

